

## Қауымдық сервитутын белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 210 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 қыркүйекте № 7496 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17, 69 және 71-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Шалқар ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шалқар ауданы Бершүгір ауылдық округі аумағында орналасқан жалпы алаңы 0,084 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, "Жартас Недра" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен пайдалы қазбаларды барлау үшін, 2020 жылдың 30 қыркүйегіне дейінгі мерзімге қауымдық сервитуты белгіленсін.

2. "Шалқар аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны, оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар ауданының әкімі*

*Ж. Жидеханов*